

Т.К. Самуратова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: samyratovatk@mail.ru)*

## Заманауи технологияларды көркем мәдениет негізінде қолданудың тиімділігі

Мақалада «Дизайн» мамандығында заманауи технологияларды білім мазмұнына ендірудің педагогикалық-практикалық негіздері мен жүзеге асырылуы сұрақтары қарастырылды. Жеке тұлғаға бағытталған жағдайында оқыту үрдісінде заманауи технологияларды пайдалануда педагогикалық мақсаттар анықталды. Заманауи технологияларды пайдалана отырып, құрылымына, оқу материалының мазмұнына және оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың талаптары айқындалды. Мамандық пәндерінің мазмұнында жаңа технологияларды пайдалану базасында көркем мәдениет ерекшеліктеріне назар аударылады. Көркем өнер, көркем мәдениет, көркемдік таным мен шығармашылық білімнің дизайн өнеріндегі мәні ерекшеленді. Инновациялық технологияларды ақпараттық бейіндегі мамандарды даярлау барысында қолдану мүмкіндігі сипатталған. Инновациялық сабақтарды ұйымдастыру әдіс-тәсілдері мазмұндалды. Білім алушылардың көркем мәдениетін қалыптастыруда проблемалық оқыту, апталық, пікір сайыс, дебат, дөңгелек үстел, іскер-ойындар, ақпараттық технологияды қолдануға болады. Сондай-ақ тәжірибелік эксперимент жұмыстарының қорытындысы берілген.

*Кілт сөздер:* болашақ мамандарын даярлауда, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, көркем мәдениет, шығармашылық психология, инновациялық сабақ.

Болашақ дизайн мамандарын даярлауда, олардың жалпы танымын, құзыреттілігін дамытатын, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда елеулі рөл атқаратын оқу түрлерінің, техникалық-технологиялық құралдарды қолдану маңызды шарттардың бірі. ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатының бірі ... білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қолжеткізуін қамтамасыз ету [1]. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» [2]. Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту – бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс. Сондықтан білім беру көпдеңгейлі, кадрлар даярлау сапасы халықаралық талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуі, көркем мәдениет негізінде болашақ дизайн мамандарын дайындау маңызды:

– көркем мәдениет тұрғысынан маңыздылығы маманның жеке тұлғасы мен қызметіне деген осы заманғы объективті талаптармен сипатталады;

– жоғары мектептің педагогикалық үдерісінде жалпы және кәсіби деңгейін көтеретіндей бағыт-бағдар беру қажеттігін тудырады. Міне, осындай талаптар тұрғысынан жоғары білім берудің мән-мазмұнын қайта пайымдау, пәндерді оқытудың тұжырымдамалық негіздерін талдап жасау қажет.

Бүгінгі этномәдени дамудағы негізгі орын алатыны – ол ғылым мен мәдениеттің дамуына байланысты мәселе. Қоғамдағы жалпы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар, білім беру саласында да жаңа бағыттарға бет бұрды. Соның айғағы батыста кеңінен қолданылып келе жатқан көпсатылы білім беру саласы көп тәжірибе жинақтағаны белгілі. Сондықтан Қазақстанның білім беру жүйесіндегі көпсатылы деңгейі жеке тұлға мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастырады және оны дамытудағы стратегиялық басылымдылықтарды белгілейді, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырады. Сондай-ақ маман кадрларды даярлаудың халықаралық білім үлгісіне жақындатуға мүмкіншілік жасайды. Демек, алдағы міндет — көпсатылы білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологияларды жобалап, оқу процесіне енгізу.

«Педагогикалық технология дегеніміз — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның бөлігі ғана», — деп көрсткен В.Беспалько [3].

Педагогикалық технология «оқу технологиясы», «білім технологиясы» деген ұғымдарымен баламаланған. Жоғары оқу орындарында мамандар даярлауда педагогикалық технология, білім берудің жаңа технологияларын енгізу проблемаларын (В.П. Беспалько, М.В. Кларин, В.Н. Монахов, педагогикалық технологияларды пайдалана білуге даярлау мүмкіндіктерін Қ.Қабдықайыров, Ж. Қараев және оның теориялық негіздерін Б.С. Гершунский, М.В. Николаева, С.В. Панюкова, Г.Д. Жангисина, В.А. Трайнев, Е.С. Полат, Н.А. Морева, Г.В. Лаврентьева, Г.К. Нургалиева, Е.Ы. Бидайбеков, Г.З. Халықова) ғалымдар өз зерттеулерінде кеңінен қарастырған.

Білім беру саласында жаңа технологияны қолдану мәселесі мен оқытудың педагогикалық жаңа технологияларын оқу үдерісінде әртүрлі жаңашыл технологияны енгізуге бағытталған оқу технологиясын қолдану ерекшеліктері ғалымдар еңбектерінде мазмұндалған. Осыған сәйкес болашақ дизайн мамандарын көркем мәдениет негізінде дайындаудың тұжырымдамасы құрастырылып, іс-тәжірибеден өткізілді.

Оқу үдерісінде жаңа технологияларды енгізу және оқытуда көркем мәдениет пен шығармашылық психологияны қолдану жөніндегі зерттеу бірқатар мәселелер жайлы айтуға мүмкіндік береді:

- білім мазмұнының жаңа ғылымдармен, басқа пәндермен байланысының жан-жақтылығы;
- көркем мәдениетті оқытуда қолданудың технологиясының толық зерттелмеуі;
- оқу-әдістемелік және электрондық құралдардың тапшылығы, болған жағдайда қазақ тілінде аз мөлшерде болуы т.б.

Жаңа технологияға көшу бүгінгі жоғары кәсіптік білім беру салаларына көшу әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру арқылы жаңа өмірдің керегіне асатын, қоғам сұранысын қанағаттандыратын болашақ дизайн мамандарын дайындауға болатындығын, ол үшін дизайн өнерінде көркем мәдениетті жүзеге асыру, көркем мәдениетке баулу мәселелеріне көңіл қою білім берудің негізгі мақсаттарының біріне айналды.

Пән мазмұнында жаңа технологияларды пайдалану базасында көркем мәдениет негізінде болашақ дизайн мамандарын дайындауға назар аударылады.

«Дизайн» мамандығында пәндерді оқытуда көркем мәдениет негіздерін қолдану – қоршаған орта, дүниені, әлемдегі өмір шындығын көркемдік тану деп түсіндірілді. Көркемдік тану шығармашылық іс-әрекетте танылады және оқытуда «мәдениет», «өнер», «дизайн өнері», «көркем мәдениет», «көркем мәдениетте дизайн өнерінің қалыптасуы» «әлемнің көркемдік бейнесі», «шығармашылық психология», «көркем мәдениет негіздерін оқыту технологиясы» ұғымдары қолданылды.

Көркем мәдени білім берудегі мақсат: болашақ дизайн мамандарының дизайн өнері саласында жеке тұлғалық қасиеттерін, өзіндік танымдылығын, болашақ кәсібіне қызығушылығын, іскерлігін, жасампаздығын, өнер туындыларын жасаудағы шабытын, ниетін, тағы басқа қасиеттерінің қалыптасып артуына мүмкіндік жасау. Біріншіден, бүгінгі білім беру жүйесінде білім алушыларға белгілі бір кәсіп игертуде осы мамандық түлектері жарнамалық агенттігінде, қала безендіруде, басылымдарда, құрылыс компанияларында, киім ательесінде және т.б. орындарында суретші-дизайнер маманы болумен қатар, өнертанушы, экскурсовод, мұражайтанушы, киім дизайнері, сәулет дизайнері, графика дизайнері, безендіруші-дизайнер, оқу шебері, технолог, кітап безендірушісі бола алатынына мүмкіндік тууына жағдай жасалу қажеттігі де ескерілуі қажет. Екіншіден, республика бойынша ғылыми негізделген ортақ оқу-әдістемелік жүйеде нақты дизайн мамандарына арналған тиімді оқыту әдістері мен педагогикалық жаңа технологиялар енгізуге мүмкіндік болады. Сол себептен, көркем мәдениет негізінде дайындауда құрылған пәндер тізімінің ролі өз орнына, оны оқытуда жаңа педагогикалық мәдени технологиялар керек болды. Ол технологиялар пәндер ретінде оқу жоспарларында орын алды және соған байланысты педагогикалық негіздерді анықтауға болады.

Бұл мәселелерді шешу дизайн мамандарының жоғарғы оқу орындарындағы көркем мәдени білім алуынан туындайды. Себебі білім алушылардың тұлғалық жетік қалыптасуы маманның көркем мәдени шеберлігі мен мақсатқа бағытталған дайындығы мектептегі педагогикалық процесті сауатты басқаруына байланысты. Болашақ дизайн мамандарын дайындауда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану жоғары мектептегі мамандарды дайындаудағы негізгі талаптардың бірі.

Біздің зерттеуіміздің пәні жоғарғы оқу орнында дизайн мамандарын дайындауда болашақ мамандардың көркем мәдениет негіздерін игеру болғандықтан, алдымен көркем өнер, көркем мәдениет, көркемдік таным мен шығармашылық, білім сияқты мәселелермен қатар, сол көркем мәдениеттің дизайн өнеріндегі мәнін қамтамасыз ететін білім мен біліктілік, оны беретін технология керек.

Жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінде жиі қолданылатын жаңа технологиялардың түсініктерін талдау негізінде анықталған түрлерін көрсетуге болады. Олар: білім беру технологиялары; заманауи білім беру технологиялары; білім берудің интерактивті әдістері; білім беру мазмұнында компьютерлік технологиялар жүйесі; мультимедиалық технологиялар; ақпараттық, білім ортасына байланысты түсініктемелер.

Біздің зерттеу мақсатымызға орай көркем мәдениет негізінде дизайн мамандарын дайындайтын жоғарғы оқу орындарында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі сабақ беру әдістеріне жаңа технологиялардың әдістемелерімен толықтыруға мүмкіндік туып отыр. Осы орайда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дизайн және инженерлік графика кафедрасында болашақ дизайн мамандарды даярлау процесінде ғылыми және әдістемелік негіздерде біраз жұмыстар атқаруда. Зерттеуімізде жаңа технологияны қолдануды біз кестеге сәйкес топтастырдық. Зерттеу барысында 5B042100 – «Дизайн» мамандығы бойынша типтік оқу бағдарламасы басшылаққа алынды [4].

К е с т е

**Болашақ дизайн мамандарын дайындауда білім мазмұнындағы көркем мәдениет негіздерін игеруде жаңа технологияларды қолдану мазмұны**

Көркем мәдениет негіздерін игеруде жаңа технологияларды қолдану мазмұны	Пән атауы	Курс, семестр
1. Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттарын қолдану	Композиция пәнінде: Жазықтықтағы композициялардың тұрғызу типтері	2 курс 3 семестр
2. Графиктік қолданбалы бағдарламаларды қолдану	Композицияның негізгі ережелері мен әдістері	2 курс 3 семестр
3. Мультимедиалы құралдарды қолдану	Компьютерлік графика	1 курс
4. Комуникативтік оқу бағдарламаларын қолдану (электронды оқу құралдарын қолдану)	Өнер тарихы: Өнер тарихы дамуының негізгі кезеңдері; ең танымал суретшілер шығармашылығы.	1 семестр
5. Интерактивті такталарды қолдану	Көркем мәдениет тарихы	3 курс 5-6 семестр
6. «Образдарды тану»	Шығарманы қабылдау және талдау	1 курс
7. Презентация элементтерін қолдану	Көркем мәдениет негіздері	1 семестр
	Инженерлік графика: Аксонометрия, кешен сызбаларын тұрғызу; сызбаны түрлендіру әдістері	1 курс
	Тұстану: жобалық тапсырмаларды орындау барысында	2 семестр

Сонымен, осы аталған технологиялардың түрлерінде «Дизайн» мамандығында оқытылатын пәндер мазмұнын көркем мәдениет негізінде дайындауда өз тиімділігін, нәтижесін беретін инновациялық сабақтарды ұйымдастыру формасы жағынан сұрыптап, бірнеше топтарға бөліп алдық. Олар:

- ойын сабақтары: түрлі тақырыптағы сайыстар, іскерлік ойындар, викториналық сұрақтар;
- кәсіби бағдар берудегі өнер туындыларын талдау жүргізуге негізделген сабақ формалары;
- дәстүрлі емес сабақ формалары: шеберлік сабақтары, көрме, суретшілікке қабылдау кештері, өнер (шабыт) фестивальдары, өзін-өзі тану сабақтары;
- мәдени мұраны насихаттауға, жүзеге асыруға арналған сабақ түрлері: мәнжазба жазу, эскиз суреттер салу, бейнебаяндар дайындау.

Осы тұста жаңа технологияны жүзеге асыру мақсатында көркем мәдениет негізінде білім берудің интерактивті технология әдісін қолдану жолдарын қарастырдық.

Интерактивті технология ағылшын тілінде «integration» — өзара әрекет деген мағынаны білдіреді. Интерактивті оқу — оқушының оқу ортасымен өзара қарым-қатынасы, әрекеттесуі арқылы оқу. Мұнда оқытушы консультант болады. Оқытушы міндеті — тұлғаның өзін-өзі жұмсауын жүзеге асыруға; білім алушылардың бастамасын; проблеманы өз бетінше шешуге; жаңа мәліметтер жинауға жағдай жасау.

Интерактивті оқытуда желілік технологиялар пайдаланылады. Қолданылатын құралдар: интерактивті ресурстар мен материалдар; электронды кітапханалар; оқыту материалдары мен курстар; бейнеконсультациялар, талқылаулар, чаттар; видеочаттар (бейнечаттар).

Интерактивті технология — оқыту үдерісінің бір бөлігі. Интерактивті оқыту оқушылар мен ұйымдардың тілектеріне бірден-бір жауап берсе ғана, тиімді болмақ. Егер ұйым аймақтық келтірілген оқушыларды ұзақ оқыту керек болса, онда аталмыш технология пайдаланады.

Интерактив әдістемесін жүзеге асыруда көркемдік бағыттағы педагогикалық мамандықтардың студент-практиканттарына арналған «Интеллектуалдық ойын сабақтар» атты оқу-әдістемелік құрал құрастырылды. Оқу-әдістемелік құрал қазақ қолданбалы өнерін оқытуда интерактив әдістемесін қолданудың мәнін ашуда мына міндеттерді алға қояды:

– болашақ дизайн мамандарының ұлттық дүниетаным жөніндегі білімдерін толықтырып, түсініктерін кеңейту;

– қазақ көркем мәдениетіндегі зат және рәміздік белгілердің көрініс алуын анықтау;

– қазақ бейнелеу өнеріндегі аға, орта, соңғы буын шығармаларын саралау арқылы өздігімен атқаратын шығармашылық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Оқытудың интерактивті жүйесі — оқытушы білім алушымен оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым-қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті тақта — мультимедиялық электрондық оқыту құралдарының бірі. Бұл білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе, ACTIVstudio бағдарламасы арқылы іске қосылады. Жаңа сабақты түсіндіруде флипчарттың бетті өңдеу аспабының көмегімен бейне VTS\_01 /бейнефайл/ гиперсілтемесі арқылы фильмдерден үзінді көрсетіледі. Сондай-ақ оқушылар сабақ барысында интернет желісі арқылы [www.google.kz](http://www.google.kz) сайтынан автор туралы ақпараттармен танысып, жазушының суретін камера аспабы арқылы суретке түсіріп алады. Автоқалам көмегімен тақтағы тапсырмалар орындалады. Венн диаграммасы арқылы кейіпкерлерді салыстыру, «Екіжақты пікір бөлісу» стратегиясы бойынша даттаушы және жақтаушы болып кейіпкерлердің мінездеріне сипаттама, шығармадан үзінді бойынша кейіпкерлерді тауып кестеге толтырады [5].

«Дизайн» мамандығында оқытылатын базалық пәндердің бірі «Өнер тарихы» атты пәнінде әлемдік өнер дамуының негізгі кезеңдерінің хронологиялық шеңберінде бағыт алуы, өнердегі негізгі стилистикалық бағыттарын ұғыну мәселелері жан-жақты қарастырылады. Атап айтсақ, курс дүниежүзінің өнертануын зерттеуден басталады. Алғашқы қауымдық өнер адамзат тарихы мен мәдениетінде маңызды роль атқарады. Ежелгі, орта, қайта өрлеу, Қазақстан өнерінің өзіндік ерекшеліктері анықтайды. Оқытушы мұндай тақырыптар төңірегінде дәріс беруде интерактивтік сабақтар мүмкіндігін пайдалану қажет. Ол мүмкіндіктер білім алушылардың жалпы шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту, мамандық бойынша дайындықта теориялық базасын толықтыру, өнертану жинақталған материалдардан кең жүйелі білім алуын көздейді. Осы тұрғыда базалық және кәсіптендіру пәндер сабақтастығы арқылы кәсіби бағдар берудегі ғылыми, публицистикалық, көркем әдеби стильдерін меңгеруде түсіндірме, талдау жүргізуге негізделген сабақтың түрлі формаларын өткізу көзделеді.

Осы мәселелерді жүзеге асыру негізінде «Дизайн» мамандығында білім алушылардың көркем мәдениетін қалыптастыруда проблемалық оқыту, апталық, пікір сайыс, дебат, дөңгелек үстел, іскер-ойындар, ақпараттық технологияны пайдалану, тағы басқа әдістерін қолдануға болады. Басты мақсат: жаңа педагогикалық технологиялар, оның ішінде ақпараттық технологиялар болашақ мамандардың көркем мәдени-шығармашылық қабілетін, бейнелеу үдерісінің құрылымын және теориялық негіздерін, көркем мәдени көзқарастарын, байымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамыту. Осы мақсатта төмендегі келтірілген міндеттерді шешуге болады:

– ақпараттық технология барысында электронды оқулықтардың мазмұны мен құрылымын және онымен жұмыс жасау барысын студенттерге түсіндіру;

– студенттерді әр түрлі көркем материалдарды өңдеудің дәстүрлі тәсілдерінде сәндік бұйымдар жасауға, олардың теориялық негіздерін зерттеуге дағдыландыру;

– оқыған материалына талдау жасауына, абстрактілі ойлауына және олардың шығармашылық қалыптасуларына әсер ету;

– аталмыш технологиялар арқылы білім алушылардың өзіндік жұмысының сапасын арттырады.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында оқытушының біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, білім алушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет. Осы бағытта болашақ дизайн мамандарына шығармашылық ептілікті, белсенділікті, шығармашылық-ізденушілікті дамыту қажет. Оған болашақ маманның ғылыми-зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Көркем мәдениет негізіндегі жаңа технологияларды қолдану болашақ дизайн мамандарын дайындауда зияткерлік, эмоциялық, жігерлік, сипаттамаларына ие болады. Бұл көркем мәдениет негізінде мамандық пәндерін оқытуда төмендегі мәселелерді жүзеге асырады:

– көркем мәдениет тарихы мен дамуындағы білім мен білікті, дағдылық пен кәсіби шеберлікті меңгеру талаптарынан, сол көркем мәдениеттің теориялық мәнін игерсем деген ниеттен;

– өз мамандығы бойынша тәжірибеде толық қолдана алатын практикалық-танымдық талаптарды туындатар ғылымның философиялық негізімен шектес көркем мәдени білімдерді білсем деген шығармашылық ниет талаптарын қанағаттандыратын қызметінен туады.

Сонымен, болашақ дизайн мамандарын дайындауда көркем мәдениеттің мүмкіндіктерін қолдануда, өмір талаптары болып отырған әртүрлі жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану маңызды мәселе.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // Егемен Қазақстан. — 2011. — 3–5-б.

2 ҚР «Білім туралы» Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [kguti.kz/kz/30-kazakh/normativnyye-dokumenty/107](http://kguti.kz/kz/30-kazakh/normativnyye-dokumenty/107).

3 Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения / В.П. Беспалько. — М.: Изд-во Ин-та профессионального образования МО России, 1995. — С. 57–59.

4 Типтік оқу бағдарламалары. 5B042100 — «Дизайн» мамандығы бойынша. — Алматы, 2016. — 266 б.

5 Филинова Н.А. Разработка дидактических материалов с использованием интерактивной доски / Н.А. Филинова. — Караганда, 2013. — 75 с.

Т.К. Самуратова

#### **Эффективность использования современных технологий на основе художественной культуры**

В статье рассмотрены педагогические основы внедрения современных технологий в содержание образования и их практическая реализация по специальности «Дизайн». Выявлены педагогические цели использования современных технологий в процессе обучения в условиях личностно-ориентированного подхода. Определены требования к структуре, содержанию учебного материала и организации учебной деятельности с использованием современных технологий. Особое внимание уделено особенностям художественной культуры на основе использования новых технологий в содержании специальных дисциплин. Было раскрыто значение понятий «искусство в дизайне», «художественная культура», «художественное познание и творчество». Описаны возможности использования инновационных технологий в процессе подготовки специалистов художественного профиля. Проблемное обучение, еженедельное обсуждение, дискуссия, круглый стол, деловые игры и информационные технологии могут быть использованы для формирования художественной культуры студентов. Даны результаты экспериментальных работ.

*Ключевые слова:* подготовка будущих специалистов, внедрение новых обучающих технологий, информатизация образования, художественная культура, инновационный урок творческой психологии.

## The efficiency of using the modern technologies on the basis of artistic culture

The pedagogical bases of introduction of modern technologies in the maintenance of formation and their practical realization on a specialty design are considered in the article. There is also revealed the pedagogical goals of using modern technologies in the process of teaching in conditions of a person - oriented approach. The requirements to the structure, the content of the educational material and the organization of educational activities using modern technologies are determined. Particular attention is paid to the peculiarities of artistic culture on the basis of using new technologies in the content of special disciplines. Also here was noted the importance of the art concept in art and design, artistic culture, artistic cognition and creativity. The problem training, weekly discussion, discussion, a round table, business games and information technologies can be used to shape students' artistic culture. The conclusions of the experimental works are given.

*Keywords:* training of future specialists, introduction of new teaching technologies, informatization of education, artistic culture, innovative lesson of creative psychology.

### References

- 1 Kazakstan Respublikasynda Bilim berudi damytudyn 2011–2020 zhyldarha arnalhan memleketik bahdarlamasyn bekitu turaly [The State Program on the Development of Education of the Republic of Kazakhstan for the period 2011–2020]. *Ehemen Kazakstan – The Kazakh truth*, 70 (29051) [in Kazakh].
- 2 «Bilim turaly» KR Zany [The law on education Republic of Kazakhstan]. *kguti.kz*. Retrieved from <http://kguti.kz/kz/30-kazakh/normativnye-dokumenty/107> [in Kazakh].
- 3 Bepalco, V.P. (1995). Pedagogika i progressivnye tekhnologii obucheniia [Pedagogics and Progressive Technologies]. Moscow: Izdatelstvo Instituta professionalnogo obrazovaniia MO Rossii [in Russian].
- 4 Tiptik oku bahdarlamalary. 5V042100 — «Dizain» mamandyhy boiynsha [Typical curriculum. 5B042100 — «Design»]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Filinova, N.A. (2013). Razrabotka didakticheskikh materialov s ispolzovaniem interaktivnoi doski [Didactic materials using interactive padding (for college students and colleges)]. Karaganda [in Russian].